

**Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл жасау мақсатында бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры мен ерікті жинақтаушы зейнетақы қорлары үшін ішкі бақылау қағидаларына қойылатын талаптарды бекіту туралы**

### *Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2014 жылғы 26 қарашадағы № 520 бұйрығы және Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2014 жылғы 24 желтоқсандағы № 239 қаулысы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2015 жылы 10 ақпанда № 10216 тіркелді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі Басқармасының 2020 жылғы 29 қазандағы № 104 және Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2020 жылғы 30 қазандағы № 1055 бірлескен қаулысы мен бұйрығымен.

**Ескерту. Бірлескен бұйрығы және қаулысының күші жойылды – ҚР Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі Басқармасының 29.10.2020 № 104 және ҚР Қаржы министрінің 30.10.2020 № 1055 (15.11.2020 бастап қолданысқа енгізіледі) бірлескен қаулысы мен бұйрығымен.**

"Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл туралы" 2009 жылғы 28 тамыздағы Қазақстан Республикасының Заңы 11-бабының 3-2-тармағына сәйкес Қазақстан Республикасының Қаржы министрі **БҰЙЫРАДЫ** және Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Басқармасы **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ**:

1. Қоса беріліп отырған Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл жасау мақсатында бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры мен ерікті жинақтаушы зейнетақы қорлары үшін ішкі бақылау қағидаларына қойылатын талаптар бекітілсін.

2. Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры мен ерікті жинақтаушы зейнетақы қорлары:

1) осы бұйрық және қаулы қолданысқа енгізілген күннен бастап күнтізбелік үш айдан кешіктірмей ішкі құжаттаманы осы бұйрыққа және қаулыға сәйкес келтірсін;

2) осы бұйрық және қаулы қолданысқа енгізілген күннен бастап күнтізбелік бір жылдан кешіктірмей осы бұйрыққа және қаулыға сәйкес автоматтандырылған

ақпарат жүйелерін пысықтау және қазіргі клиенттерінің тәуекел деңгейін айқындау бойынша іс-шаралар жүргізілсін.

3. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Қаржы мониторингі комитеті (Тәжіяқов Б.Ш.) заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықты және қаулыны Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бұйрық және қаулы мемлекеттік тіркелгеннен кейін күнтізбелік он күн ішінде оларды мерзімді баспасөз басылымдарында және "Әділет" ақпарат-құқықтық жүйесінде ресми жариялауға жіберуді;

3) осы бұйрықты және қаулыны Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды қамтамасыз етсін.

4. Осы бұйрық және қаулы 2014 жылғы 15 желтоқсаннан бастап қолданысқа енгізіледі.

|                    |  |          |                          |
|--------------------|--|----------|--------------------------|
| Қазақстан<br>Қаржы | Республикасының Қазақстан<br>министрі Ұлттық | Банкінің | Республикасы<br>Төрағасы |
| _____ Б. Сұлтанов  | _____ Қ. Келімбетов                          |          |                          |

2014 жылғы " \_\_\_\_ " \_\_\_\_\_ 2014 жылғы " \_\_\_\_ " \_\_\_\_\_

Қазақстан Республикасы  
Қаржы министрінің  
2014 жылғы 26 қарашадағы  
№ 520 бұйрығымен  
және Қазақстан Республикасының  
Ұлттық Банкі Басқармасының  
2014 жылғы 24 желтоқсандағы  
№ 239 қаулысымен  
бекітілген

**Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл жасау мақсатында бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры мен ерікті жинақтаушы зейнетақы қорлары үшін ішкі бақылау қағидаларына қойылатын талаптар**

## **1. Жалпы ережелер**

1. Осы Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл жасау мақсатында бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры мен ерікті жинақтаушы зейнетақы қорлары үшін ішкі бақылау қағидаларына қойылатын талаптар (бұдан әрі - Талаптар) " Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл туралы" 2009 жылғы 28 тамыздағы Қазақстан Республикасының Заңына (бұдан әрі – КЖ/ТҚҚ туралы заң) және Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8816 тіркелген

Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының "Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорына және ерікті жинақтаушы зейнетақы қорларына арналған тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау жүйесін қалыптастыру қағидаларын бекіту туралы" 2013 жылғы 27 тамыздағы № 240 қаулысына сәйкес әзірленді.

2. Егер Талаптармен өзгеше көзделмесе, онда Талаптарда қолданылатын ұғымдар КЖ/ТҚҚ туралы заңда көрсетілген мағыналарында пайдаланылады.

Талаптардың мақсаттары үшін мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады:

1) әдеттегіден тыс операция (мәміле) – Қазақстан Республикасының Үкіметі бекіткен және бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры мен ерікті жинақтаушы зейнетақы қорлары (бұдан әрі – қор) дербес әзірлеген белгілер ескеріле отырып КЖ/ТҚҚ туралы заңның 4-бабы 4-тармағына сәйкес міндетті зерделенуге жататын операция (мәміле);

2) қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыру (жылыстату) және терроризмді қаржыландыру тәуекелдері – қорды қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыру (жылыстату) және терроризмді қаржыландыру процестеріне немесе өзге қылмыстық қызметке қасақана немесе қасақана емес тарту тәуекелдері;

3) қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыру (жылыстату) және терроризмді қаржыландыру тәуекелдерін басқару – қордың қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыру (жылыстату) және терроризмді қаржыландыру (бұдан әрі – КЖ/ТҚ) тәуекелдерін анықтау, бағалау, оларға мониторинг жасау, сондай-ақ оларды азайту бойынша қабылдайтын шараларының жиынтығы (қызметтерге, клиенттерге, сондай-ақ клиенттер жасайтын операцияларға қатысты);

4) шекті операция – ақшамен және (немесе) өзге де мүлікпен жасалатын, КЖ/ТҚҚ туралы заңның 4-бабына сәйкес қаржы мониторингі жүргізілуге жататын және КЖ/ТҚҚ туралы заңмен белгіленген шекті сомаға тең не одан асатын операция;

5) іскерлік қарым-қатынастар – қордың клиентке зейнетақы жарналарын тарту және зейнетақы төлемдері жөніндегі қызметке жататын қызметтерді ұсынуы бойынша қарым-қатынастар.

3. Қор қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл жасау мақсатында (бұдан әрі – КЖ/ТҚҚ) ішкі бақылауды:

1) қордың КЖ/ТҚҚ туралы заңның талаптарын орындауын қамтамасыз ету;

2) қордың ішкі бақылау жүйесінің КЖ/ТҚ тәуекелдерін және қатар жүретін тәуекелдерді (операциялық, бедел) басқару үшін жеткілікті деңгейде ұстап тұру;

3) қорды, оның лауазымды тұлғалары мен қызметкерлерін КЖ/ТҚ процесіне тартуды болдырмау мақсатында жүзеге асырады.

4. Қорда КЖ/ТҚҚ мақсатында ішкі бақылауды ұйымдастыру шеңберінде қордың ішкі аудит қызметінің КЖ/ТҚҚ мақсатында ішкі бақылаудың тиімділігін бағалауды жүргізуіне қойылатын талаптар қамтылатын ішкі бақылау қағидалары әзірленеді.

Ішкі бақылау қағидалары КЖ/ТҚҚ туралы заңның 11-бабында көзделген бағдарламалардан тұрады, қор оларды Талаптарға сәйкес дербес әзірлейді және олар қордың ішкі құжаты не осындай құжаттардың жиынтығы болып табылады.

## **2. КЖ/ТҚҚ ішкі жүйесін ұйымдастыру және КЖ/ТҚҚ мақсатында ішкі бақылауды ұйымдастыру бағдарламасы**

5. Қорда қордың ішкі құжаттарында белгіленген тәртіппен қордағы ішкі бақылау қағидаларын сақтауға мониторингті жүзеге асыру үшін жауапты лауазымды тұлға (бұдан әрі – жауапты қызметкер) тағайындалады, сондай-ақ құзыретіне КЖ/ТҚҚ мәселелері кіретін бөлімшенің және ұйымның қызметкерлері (бұдан әрі – КЖ/ТҚҚ жөніндегі бөлімше) айқындалады.

6. Мыналар жауапты қызметкерге қойылатын талаптар болып табылады:

1) жоғары білімінің болуы;

2) қор қызметтерін көрсетуге байланысты бөлімше басшысының лауазымында кемінде бір жыл жұмыс өтілінің не КЖ/ТҚҚ саласында кемінде екі жыл жұмыс өтілінің не қаржылық қызметтерді ұсыну және (немесе) реттеу саласында кемінде үш жыл жұмыс өтілінің болуы;

3) "Қазақстан Республикасында зейнетақымен қамсыздандыру туралы" 2013 жылғы 21 маусымдағы Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес мінсіз іскерлік беделінің болуы.

7. КЖ/ТҚҚ мақсатында ішкі бақылауды ұйымдастыру бағдарламасы:

1) КЖ/ТҚҚ жөніндегі бөлімшенің функцияларын, оның ішінде КЖ/ТҚҚ мақсатында ішкі бақылауды жүзеге асыру кезінде қордың басқа бөлімшелерімен, филиалдарымен өзара әрекет ету тәртібін, сондай-ақ жауапты қызметкердің функцияларын, өкілеттіктерін, жауапты қызметкердің қордың басқару органымен және атқарушы органымен өзара әрекет ету тәртібін сипаттауды;

2) КЖ/ТҚҚ мақсатында ішкі бақылауды жүзеге асыру және қаржы мониторингін жүзеге асыратын және КЖ/ТҚҚ туралы заңға сәйкес КЖ/ТҚҚ бойынша өзге де шараларды қабылдайтын мемлекеттік уәкілетті органға (бұдан әрі – қаржы мониторингі жөніндегі уәкілетті орган) хабарламаларды беру үшін

пайдаланылатын автоматтандырылған ақпараттық жүйелер мен бағдарламалық камтамасыз ету туралы мәліметтерді, оның ішінде оларды әзірлеушілер туралы мәліметтерді;

3) мәліметтерді тіркеу, сондай-ақ КЖ/ТҚҚ мақсатында ішкі бақылауды іске асыру барысында алынған құжаттар мен ақпаратты сақтау тәртібін;

4) қор қызметкерлерінің, оның ішінде жауапты қызметкердің қордың басқару органын және атқарушы органын өздеріне белгілі болған қор қызметкерлері жол берген КЖ/ТҚҚ туралы заңды, сондай-ақ ішкі бақылау қағидаларын бұзу фактілері туралы хабардар ету тәртібін;

5) қорды (қордың еншілес ұйымын) бақылайтын заңды тұлға белгілеген КЖ/ТҚҚ бойынша талаптарды сипаттауды (бар болса);

6) қордың ішкі аудит қызметінің КЖ/ТҚҚ мақсатында ішкі бақылаудың тиімділігін бағалау нәтижелері бойынша басқару есептілігін дайындау және қордың басқару органына және атқарушы органына ұсыну тәртібін қамтиды, бірақ олармен шектелмейді.

8. КЖ/ТҚҚ мақсатында ішкі бақылауды ұйымдастыру бағдарламасына сәйкес жауапты қызметкердің және КЖ/ТҚҚ жөніндегі бөлімше қызметкерлерінің функцияларына:

1) қорда әзірленген және қордың атқарушы органымен келісілген ішкі бақылау қағидаларының және (немесе) оларға өзгерістердің (толықтырулардың), сондай-ақ қорда олардың сақталуына мониторингтің болуын қамтамасыз ету;

2) КЖ/ТҚҚ туралы заңға сәйкес қаржы мониторингі жөніндегі уәкілетті органға хабарламалар ұсыну және олардың ұсынылуына бақылау жасауды ұйымдастыру;

3) клиенттердің операцияларын күдікті ретінде тану және қордың ішкі құжаттарында көзделген тәртіппен қаржы мониторингі жөніндегі уәкілетті органға хабарламалар жіберу қажеттілігі туралы шешімдер қабылдау;

4) КЖ/ТҚҚ туралы заңда және (немесе) шарттарда көзделген жағдайларда және тәртіппен клиенттердің операцияларын жүргізуден бас тарту туралы шешімдер қабылдау не келісу;

5) қордың уәкілетті органына КЖ/ТҚҚ туралы заңда және (немесе) қордың ішкі құжаттарында көзделген жағдайларда және тәртіппен клиенттермен іскерлік қарым-қатынастарды орнату, жалғастыру не тоқтату туралы шешім қабылдау үшін сұратулар жіберу;

6) қордың уәкілетті органын анықталған ішкі бақылау қағидаларын бұзушылықтар туралы қордың ішкі құжаттарында көзделген тәртіппен хабардар ету;

7) қордың басқару органына есептерді қалыптастыру үшін КЖ/ТҚҚ мақсатында ішкі бақылау қағидаларын іске асыру нәтижелері және тәуекелдері

басқару және ішкі бақылау жүйелерін жақсарту жөніндегі ұсынылып отырған шаралар туралы ақпаратты дайындау кіреді, бірақ олармен шектелмейді.

9. Жауапты қызметкерге және КЖ/ТҚҚ жөніндегі бөлімше қызметкерлеріне жүктелген функцияларды орындау үшін мынадай:

1) өз функцияларын толық көлемде және қордың ішкі құжаттарында көзделген тәртіппен жүзеге асыруға мүмкіндік беретін шекте қордың барлық үй-жайларына, ақпараттық жүйелеріне, телекоммуникация құралдарына, құжаттар мен файлдарға кіруге рұқсат алу;

2) өз функцияларын жүзеге асыру кезінде алынған ақпараттың конфиденциалдылығын қамтамасыз ету;

3) қордың бөлімшелерінен алынатын құжаттар мен файлдардың сақталуын қамтамасыз ету өкілеттіктер беріледі, бірақ олармен шектелмейді.

10. Қордың филиалдарында Талаптардың 8 және 9-тармақтарында көзделген функциялар мен өкілеттіктер толығымен немесе ішінара жүктелген қызметкерлер бар болса осындай қызметкерлердің қызметін үйлестіруді жауапты қызметкер жүзеге асырады.

11. Жауапты қызметкердің, КЖ/ТҚҚ бойынша бөлімше қызметкерлерінің, сондай-ақ қордың Талаптардың 8-тармағында көзделген функциялар жүктелген қызметкерлерінің функциялары ішкі аудит қызметінің функцияларымен, сондай-ақ қордың операциялық (ағымдағы) қызметін жүзеге асыратын бөлімшелердің функцияларымен қоса атқарылмайды.

12. Қор ішкі бақылау мәселелері бойынша процестерді автоматтандыру үшін КЖ/ТҚҚ мақсатында мынадай талаптарға сәйкес келетін автоматтандырылған ақпараттық жүйелерді пайдаланады:

1) оларға енгізілетін өзгерістерді (толықтыруларды) қоса, клиенттер досьесін (сауалнамаларын) жүргізу мүмкіндігі;

2) КЖ/ТҚҚ саласындағы заңнаманың талаптарын, қор қызметтерінің КЖ/ТҚ тәуекелдеріне ұшырағыштық дәрежесін бағалау нәтижелерін ескере отырып, күні бұрын берілген критерийлер бойынша шекті, ерекше және күдікті операцияларды айқындау;

3) клиенттердің досьесі (сауалнамасы), жүргізілген операциялар, қаржы мониторингі жөніндегі уәкілетті органға жіберілген хабарламалар бойынша деректер базасынан ақпаратты алып тастау мүмкіндігінің болмауы;

4) ақпаратты резервтік көшіру және сақтау жүйесінің болуы;

5) түрлендіруден қорғалған әрбір пайдаланушының жұмыс хаттамасын жүргізу.

### **3. КЖ/ТҚ тәуекелдерін басқару бағдарламасы**

13. КЖ/ТҚ тәуекелдерін басқаруды ұйымдастыру мақсатында қор КЖ/ТҚ тәуекелдерін басқару бағдарламасын әзірлейді.

14. Қор кем дегенде тәуекелдердің мынадай ерекше санаттарын: клиенттердің типі бойынша тәуекелді, елдік (географиялық) тәуекелді, қызмет және (немесе) оны беру тәсілінің тәуекелін ескере отырып, қор қызметтерінің КЖ/ТҚ тәуекелдеріне ұшырағыштық дәрежесін бағалауды жыл сайынғы негізде жүзеге асырады.

Қор қызметтерінің КЖ/ТҚ тәуекелдеріне ұшырағыштық дәрежесін бағалау клиенттердің операцияларын сәйкестендіру және оларға мониторинг жүргізу рәсімдерін өзгертуді, операциялар жүргізуге лимиттер белгілеуді, қызметтерді ұсыну талаптарын өзгертуді, қызметтерді ұсынудан бас тартуды қоса, анықталған тәуекелдерді барынша азайтуға бағытталған ықтимал іс-шараларды сипаттаумен қатар жүреді.

15. Мәртебесі және (немесе) қызметі КЖ/ТҚ тәуекелін арттыратын клиенттердің типтеріне:

1) шетелдік жария лауазымды тұлғалар, олардың жақын туыстары мен өкілдері;

2) заңды тұлғалар және қызметі қолма-қол ақшаның қарқынды айналымымен байланысты дара кәсіпкерлер, оның ішінде:

қызметінің ерекше түрі қолма-қол шетелдік валютамен айырбастау операцияларын ұйымдастыру болып табылатын заңды тұлғалар;

ерекше қызметі банкноттарды, монеталарды және құндылықтарды инкассациялау болып табылатын ұйымдар (екінші деңгейдегі банктер белгілеген КЖ/ТҚҚ жөніндегі талаптарды сақтайтын екінші деңгейдегі банктердің еншілес ұйымдарын қоспағанда);

микроқаржы ұйымдары;

ломбардтар ретінде тіркелген заңды тұлғалар;

тұтынушылардан қолма-қол ақшаны қабылдауды, оның ішінде электрондық терминалдар арқылы жүзеге асыратын қызметтерді (қаржылықтан басқа) жеткізушілердің агенттері (сенім білдірілген);

ойын бизнесін ұйымдастырушылар, сондай-ақ Қазақстан Республикасынан тыс онлайн-казино қызметін көрсететін не онлайн-казино қызметінен түсетін кірістерді алатын адамдар;

туристік қызметтерді, сондай-ақ қолма-қол ақшаның қарқынды айналысымен байланысты өзге де қызметтерді көрсететін адамдар;

3) инвестициялық портфельді басқарушы брокер-дилерлер (екінші деңгейдегі банктер белгілеген КЖ/ТҚҚ жөніндегі талаптарды сақтайтын екінші деңгейдегі банктердің еншілес ұйымдарын қоспағанда);

4) сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдары, "өмірді сақтандыру" саласы бойынша қызметті жүзеге асыратын сақтандыру брокерлері (екінші деңгейдегі банктер белгілеген КЖ/ТҚҚ бойынша талаптарды сақтайтын екінші деңгейдегі банктердің еншілес ұйымдарын қоспағанда);

5) қаржы лизинг жөнінде қызметтерді көрсетуші тұлғалар (екінші деңгейдегі банктер белгілеген КЖ/ТҚҚ бойынша талаптарды сақтайтын екінші деңгейдегі банктердің еншілес ұйымдарын қоспағанда);

6) кредиттік серіктестіктер;

7) қызметін сақтандыру агенттері ретінде жүзеге асыратын адамдар;

8) жылжымайтын мүлікті сатып алу-сату бойынша делдалдық қызметті жүзеге асыратын тұлғалар;

9) қызметі қару-жарақты, жарылғыш заттарды өндірумен және (немесе) сатумен байланысты тұлғалар;

10) қызметі қымбат металдарды, асыл тастарды не олардан жасалған өнімдерді өндіру және (немесе) өңдеумен, сондай-ақ сатып алу-сатумен байланысты тұлғалар;

11) қорлар, діни бірлестіктер ұйымдық-құқықтық нысанындағы коммерциялық емес ұйымдар;

12) Талаптардың 16-тармағында көрсетілген шет мемлекеттерде орналасқан (тіркелген) тұлғалар, сондай-ақ осындай тұлғалардың Қазақстан Республикасында орналасқан филиалдары мен өкілдіктері;

13) олардың атынан сенімхат негізінде өкілдері әрекет ететін зейнетақы төлемдерін алушылар кіреді, бірақ олармен шектелмейді.

16. Қор осы тармақта көрсетілген шет мемлекеттерден клиенттерге қызметтерді (өнімдерді) көрсетумен және осындай шет мемлекеттердің қатысуымен ақшамен және (немесе) өзге де мүлікпен операцияларды жүзеге асырумен байланысты елдік (географиялық) тәуекелді басқаруды жүзеге асырады.

Мыналар өздерімен жасалатын операциялар КЖ/ТҚ тәуекелін ұлғайтатын шет мемлекеттер болып табылады:

1) қаржы мониторингі жөніндегі уәкілетті орган жасайтын Ақшаны жылыстатуға қарсы күрестің қаржылық шараларын әзірлеу тобының (ФАТФ) ұсынымдарын орындамайтын не жеткілікті орындамайтын мемлекеттердің (аумақтардың) тізбесіне енгізілген шет мемлекеттер (аумақтар);

2) БҰҰ Қауіпсіздік Кеңесінің қарарларымен қабылданған халықаралық санкциялар (эмбарго) қолданылатын шет мемлекеттер (аумақтар);

3) "Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл туралы" Қазақстан Республикасы Заңының мақсаттары үшін Оффшорлық аймақтар тізбесін бекіту туралы"



Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің міндетін атқарушының 2010 жылғы 10 ақпандағы № 52 бұйрығымен (Қазақстан Республикасының Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 6058 тіркелген) бекітілген " Қылымстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл туралы" Қазақстан Республикасы Заңының мақсаттары үшін Оффшорлық аймақтар тізбесіне енгізілген шет мемлекеттер (аумақтар);

4) қор биржасы басқа факторлардың (сыбайлас жемқорлық, есірткілердің заңсыз өндірілуі, айналымы және (немесе) транзит деңгейі туралы мәліметтер, халықаралық терроризмді қолдау туралы мәліметтер және басқалар) негізінде КЖ/ТҚ жоғары тәуекелін көрсетуші ретінде анықтаған шет мемлекеттер ( аумақтар) болып табылады.

**Ескерту. 16-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Қаржы министрінің 10.12.2015 № 643 бұйрығы және ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 19.12.2015 № 225 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бірлескен қаулысымен.**

17. Қордың қызметтеріне (өнімдеріне), сондай-ақ КЖ/ТҚ жоғары тәуекеліне ұшыраған оларды ұсыну тәсілдеріне:

1) дербес компьютерлер, телефондар, электрондық терминалдар арқылы қызмет көрсетуді қоса, клиенттерге қашықтықтан қызмет көрсету;

2) ерікті зейнетақы жарналары есебінен зейнетақы жарналарын тарту және зейнетақы төлемдері бойынша қызметтер кіреді, бірақ олармен шектелмейді.

18. Қор қызметтерінің (өнімдерінің) КЖ/ТҚ тәуекелдеріне ұшырағыштық дәрежесін Талаптардың 15, 16 және 17-тармақтарында көрсетілген тәуекелдердің санаттарына және факторларына сәйкес бағалау кезінде қор тәуекелдің жиынтық дәрежесіне ықпал ететін мыналар кіретін, бірақ олармен шектелмейтін қосымша мәліметтерді ескереді:

1) қор қаржы мониторингі бойынша уәкілетті органға клиенттердің күдікті операциялары туралы жіберген хабарламаларының саны;

2) қордың қаржы мониторингі бойынша уәкілетті органға клиенттердің қолма-қол ақшамен шекті операциялары туралы жіберген хабарламаларының саны.

19. КЖ/ТҚ тәуекелдерін басқару бағдарламасын іске асыру шеңберінде қор Талаптардың 15, 16 және 17-тармақтарында көрсетілген санаттар мен тәуекелдер факторларын, сондай-ақ қор белгілейтін өзге де санаттар мен тәуекелдер факторларын ескере отырып, клиенттерді жіктеу жөнінде шаралар қолданады.

Қор клиенттің (клиенттер тобының) тәуекел деңгейін клиенттердің операцияларын сәйкестендіру және мониторингілеу бойынша іс-шаралар шеңберінде алынған клиент (клиенттер) туралы мәліметтерді талдаудың

нәтижелері бойынша банк белгілейді және тәуекел деңгейін айқындаудың кемінде екі деңгейден тұратын шәкілі бойынша бағаланады.

Қор клиенттің (клиенттер тобының) тәуекел деңгейін қайта қарауды клиент (клиенттер тобы) туралы мәліметтердің жанартылуына қарай жүзеге асырады.

20. Талаптардың 15, 16 және 17-тармақтарында көрсетілген санаттар мен тәуекелдер факторларын пайдаланумен тәуекелдерді бағалау операцияларды (іскери қарым-қатынастарды) мониторингілеу нәтижелерінің негізінде клиенттерге (клиенттер тобына) қатысты жүргізіледі.

Бұрын тәуекелді бағалау жүргізілмеген және (немесе) олармен іскери қарым-қатынастар бұрын орнатылмаған клиенттер (клиенттер тобы) бойынша қор іскери қарым-қатынастар орнатқанға дейін алынған деректердің негізінде тәуекелді бастапқы бағалауды жүргізеді.

#### **4. Клиенттерді сәйкестендіру бағдарламасы**

21. КЖ/ТҚҚ туралы заңның клиентті тиісінше тексеру бойынша талаптарын іске асыру мақсатында қор клиенттерді (олардың өкілдерін) және бенефициарлық меншік иелерін сәйкестендіру бағдарламасын әзірлейді.

Қордың зейнетақы жарналарының салымшысы (оның өкілі), зейнетақы төлемдерін алушы (оның өкілі) туралы мәліметтерді тіркеу және дәйектілігін тексеру, бенефициарлық меншік иесін анықтау және ол туралы мәліметтерді тіркеу, іскерлік қарым-қатынастардың немесе бір жолғы операцияның (мәміленің) болжанатын мақсатын белгілеу және тіркеу, сондай-ақ Талаптарда көзделген зейнетақы жарналарының салымшысы, зейнетақы төлемдерін алушы және оның өкілдері туралы өзге де мәліметтерді алу және тіркеу бойынша іс-шараларды жүргізуі клиентті (оның өкілін) және бенефициарлық меншік иесін сәйкестендіру болып табылады.

Бенефициарлық меншік иесін айқындау бойынша іс-шараларды қор зейнетақы жарналарының салымшысына қатысты, ал ерікті зейнетақы жарналары есебінен қалыптастырылған зейнетақы төлемдерін жүзеге асыру кезінде сондай-ақ осындай зейнетақы төлемдерін алушыларға қатысты жүргізіледі

Клиенттің тәуекел деңгейіне қарай қор жүргізетін іс-шаралардың деңгейі клиентті, бенефициарлық меншік иесін стандартты, жеңілдетілген және тереңдетілген сәйкестендіру түрінде көрсетіледі.

22. КЖ/ТҚҚ туралы заңның 5-бабы 2-тармағының талаптарын ескере отырып, қор клиентті (оның өкілін) және бенефициарлық меншік иесін сәйкестендіруді жүргізеді, сондай-ақ мынадай:

- 1) клиентпен іскери қарым-қатынастар орнатқан;

- 2) клиент шекті операцияны (мәмілені) жасаған;
- 3) клиенттің күдікті операциясы (мәмілесі) анықталған;
- 4) жеке және заңды тұлғалар туралы бұрын алынған деректердің дәйектілігіне күмән туғызатын негіздемелер болған жағдайларда іскерлік қарым-қатынастардың немесе біржолғы операцияның (мәміленің) болжанатын мақсатын белгілейді.

Клиент орнатылған іскерлік қарым-қатынастар шегінде операциялар (мәмілелер) жүргізген кезде, егер ол, осы тармақтың бірінші бөлігінің 3) және 4) тармақшаларында көзделген жағдайларды қоспағанда, осындай іскерлік қарым-қатынастар орнатылған, сондай-ақ бұрын алынған мәліметтерді жаңарту не клиенттің тәуекелі деңгейіне және Талаптарға сәйкес қосымша мәліметтерді алу қажет болған кезде клиентті (оның өкілін) және бенефициарлық меншік иесін сәйкестендіру жүргізілмейді.

23. Талаптардың 22-тармағына сәйкес алынған мәліметтерді қор клиенттің досьесіне енгізеді, ол клиентпен іскерлік қарым-қатынастардың бүкіл кезеңі ішінде және олар аяқталғаннан күннен бастап не бір жолғы операцияны (мәмілені) жасағаннан кейін кем дегенде бес жыл қорда сақталады.

Қор ішкі құжаттарға сәйкес олар бойынша досье жүргізетін клиенттердің топтарына мыналар кіреді, бірақ олармен шектелмейді:

- 1) жеке тұлғалар;
- 2) заңды тұлғалар.

Клиенттің досьесіне енгізілуі, сондай-ақ стандартты, жеңілдетілген не тереңдетілген сәйкестендіру жүргізген кезде дәйектілігі тексерілуі тиіс ең аз талап етілетін мәліметтер Талаптардың 1 және 2-қосымшаларында белгіленген.

24. Қор клиентті оңтайландырылған сәйкестендіруді мынадай:

1) міндетті зейнетақы жинақтары немесе міндетті кәсіби зейнетақы жарналары есебінен зейнетақымен қамсыздандыру туралы шарт шеңберінде іскерлік қарым-қатынастар орнатқан кезде;

2) мынадай:

Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкін қоса алғанда, Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдары, сондай-ақ бақылауын мемлекеттік органдар жүзеге асыратын заңды тұлғалар;

мемлекеттік мекемелердің немесе мемлекеттік кәсіпорындардың ұйымдық құқықтық нысанында құрылған заңды тұлғалар, сондай-ақ ұлттық басқарушы холдинг не дауыс беретін акцияларының (қатысу үлестерінің) жүз пайызы ұлттық басқарушы холдингке тиесілі заңды тұлғалар;

акциялары Қазақстан Республикасының қор биржасының және (немесе) шет мемлекеттің қор биржасының ресми тізіміне енгізілген ұйымдар;

Қазақстан Республикасының аумағында орналасқан не қатысушысы Қазақстан Республикасы болып табылатын халықаралық ұйымдар сияқты клиенттермен іскерлік қарым-қатынастарды орнатқан (шот ашқан) жағдайларда жүргізеді.

Ескерту. 24-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Қаржы министрінің 10.12.2015 № 643 бұйрығы және ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 19.12.2015 № 225 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бірлескен қаулысымен.

25. Қор мынадай:

- 1) клиентке жоғары тәуекел деңгейі тағайындалғанда;
- 2) тереңдетілген сәйкестендіру қаржы мониторингі жөніндегі уәкілетті органға осындай операция туралы хабарламаның жіберілуі туралы оның абайсызда хабардар болуына апаратын жағдайларды қоспағанда, мониторинг жүргізу және клиенттің операцияларын зерделеу барысында күдікті операцияны (мәмілені) не оны жасау әрекетін анықтағанда;
- 3) клиент ұсынған мәліметтердің дәйектілігінде күмән болғанда;
- 4) қордың ішкі құжаттарында белгіленген жағдайларда, оның ішінде жауапты қызметкердің шешімі бойынша клиентті тереңдетілген сәйкестендіруді жүргізеді.

26. Клиентті сәйкестендіру (бенефициарлық меншік иесін анықтау) барысында қор КЖ/ТҚҚ туралы заңның 12-бабына сәйкес алынатын терроризмді және экстремизмді қаржыландырумен байланысты тұлғалардың және ұйымдардың тізбесінде (бұдан әрі – Тізбе) осындай клиенттің (бенефициарлық меншік иесінің) болуына тексеру жүргізеді.

Шетелдіктерге, қорда шет мемлекеті азаматтығының болуы туралы мәліметтер болған өзге де адамдарға, сондай-ақ азаматтығы жоқ адамдарға қатысты қор клиентті сәйкестендіру (бенефициарлық меншік иесін анықтау) барысында осындай клиенттің (бенефициарлық меншік иесінің) шетелдік жария лауазымды адамға жататынын тексереді.

27. Клиент (оның өкілі) ұсынатын құжаттар клиент (оның өкілі) және бенефициарлық меншік иесі туралы мәліметтерді растау мақсатында олардың шынайы болуы тексеріледі.

28. Клиентті, оның өкілін және бенефициарлық меншік иесін сәйкестендіру бағдарламасына мыналар:

- 1) іскерлік қарым-қатынастар белгілеуге және (немесе) операциялар жүргізуге, сондай-ақ іскерлік қарым-қатынастарды тоқтатуға арналған тәртіпті және негіздемелерді қоса алғанда, қызмет көрсетуге клиенттер қабылдау тәртібі;
- 2) клиентті (оның өкілін) және бенефициарлық меншік иесін сәйкестендіру тәртібі, оның ішінде тереңдетілген сәйкестендіру рәсімінің ерекшеліктері;

3) қордың қызмет көрсетілетін немесе қызмет көрсетуге қабылданатын жеке тұлғалардың, шетелдік жария лауазымды тұлғалардың арасынан анықтауға бағытталған шаралардың сипаттамасы;

4) клиенттің (оның өкілінің) және бенефициарлық меншік иесінің Тізбеде болуын тексеру тәртібі;

5) іскерлік қарым-қатынастарды қашықтықтан орнату кезінде (клиенттің немесе оның өкілінің жеке қатысуынсыз) сәйкестендіру ерекшеліктері;

6) клиентті (оның өкілін) және бенефициарлық меншік иесін қордың бас ұйымы (бар болса) белгілеген КЖ/ТҚҚ бойынша талаптарды орындау аясында сәйкестендіру барысында алынған мәліметтер алмасудың ерекшеліктері;

7) клиентті (оның өкілін) және бенефициарлық меншік иесін сәйкестендіру үшін қажетті мәліметтерді алу мақсатында басқа ұйымдармен өзара іс-әрекеттің ерекшелігі;

8) клиентті (оның өкілін) және бенефициарлық меншік иесін сәйкестендіру мақсатында қосымша ақпарат көздерінің, оның ішінде мемлекеттік органдар ұсынатын ақпараттың сипаттамасы;

9) клиент (оның өкілі) және бенефициарлық меншік иесі туралы мәліметтердің шынайы болуын тексеру тәртібі;

10) клиенттің досьесін жүргізудің, мәліметтерді жаңарту кезеңділігін көрсетумен досьедегі мәліметтерді жаңартудың нысанына, мазмұнына және тәртібіне қойылатын талаптар;

11) ұйым қызметкерлерінің сәйкестендіру жүргізу кезінде алынған ақпаратқа рұқсат беруін қамтамасыз ету тәртібі;

12) клиенттің тәуекел деңгейін бағалау тәртібі, осындай тәуекелді бағалау негіздері кіреді, бірақ олармен шектелмейді.

## **5. Клиенттердің операциялары мониторингінің және зерделеудің бағдарламасы**

29. КЖ/ТҚҚ туралы заңның клиентті тиісінше тексеру жөніндегі, сондай-ақ шекті және күдікті операциялар туралы хабарламаларды анықтау және оларды қаржы мониторингі жөніндегі уәкілетті органға жіберу талаптарын іске асыру мақсатында қор клиенттердің операциялары мониторингінің және зерделеудің бағдарламасын әзірлейді.

30. Клиенттердің операциялары мониторингінің және зерделеудің бағдарламасы шеңберінде қор клиенттер (олардың өкілдері) және бенефициарлық меншік иелері туралы қосымша мәліметтерді жаңарту және (

немесе) алу бойынша, сондай-ақ клиенттердің операцияларын зерделеу және шекті, әдеттегіден тыс және күдікті операцияларды анықтау бойынша іс-шаралар жүргізеді.

Қор клиенттердің операциялары мониторингінің және зерделеудің нәтижелерін қор қызметтерінің КЖ/ТҚ тәуекелдеріне ұшырау дәрежесін жыл сайын бағалау, сондай-ақ клиенттердің тәуекелдер деңгейін қайта қарау үшін пайдаланады.

Клиенттердің операциялары мониторингінің және зерделеудің бағдарламасын іске асыру шеңберінде алынған мәліметтер Талаптардың 23-тармағында көзделген клиенттің досьесіне енгізіледі және (немесе) қорда клиентпен іскерлік қарым-қатынастардың барлық кезеңі ішінде және олар аяқталған күннен бастап кемінде бес жыл бойы сақталады.

31. Қор клиенттің (клиенттер тобының) тәуекел деңгейін және (немесе) клиент пайдаланатын қор қызметінің КЖ/ТҚ тәуекелдеріне ұшырау дәрежесін ескере отырып, клиент (оның өкілі) және бенефициарлық меншік иесі туралы қосымша мәліметтерді жаңарту кезеңділігін және (немесе) алу қажеттілігін белгілейді.

Талаптардың 25-тармағында көзделген жағдайларда, қор клиентке тереңдетілген сәйкестендіруді жүргізеді.

Тәуекелдің жоғары деңгейі бар клиент (оның өкілі) және бенефициарлық меншік иесі туралы мәліметтерді жаңарту жылына кемінде бір рет жүзеге асырылады.

Тізбедегі клиенттің (бенефициарлық меншік иесінің) бар болуын (қосылғанын) тексеру клиенттің тәуекел деңгейіне байланысты емес және Тізбеге (Тізбенің жаңартуларына) өзгерістер енгізуге қарай жүзеге асырылады.

32. Қор клиенттің (клиенттер тобының) тәуекел деңгейін ескере отырып, сондай-ақ қор КЖ/ТҚ сценарийлерін (схемаларын) және (немесе) әдеттегіден тыс және күдікті операциялардың белгілерін ескере отырып клиенттің операцияларын зерделеу дәрежесін айқындайды.

Қор клиентке тәуекелдің жоғары деңгейі тағайындалған жағдайда, сондай-ақ клиент күдікті операциялар жүргізген жағдайда клиент белгіленген уақыт кезеңінде жүргізіп отырған (жүргізген) операцияларды зерделейді.

33. Клиенттердің операциялары мониторингінің және зерделеудің бағдарламасы:

1) Қазақстан Республикасының Үкіметі бекіткен, сондай-ақ қор дербес әзірлеген белгілердің негізінде жасалатын әдеттегіден тыс және күдікті операциялар белгілерінің тізбесін;

2) қор бөлімшелері (қызметкерлері) арасында Талаптарда көзделген жағдайларда клиент (оның өкілі) және бенефициарлық меншік иесі туралы

бұрын алынған қосымша мәліметтерді жаңарту және (немесе) оларды алу жөніндегі міндеттерді бөлуді;

3) қор бөлімшелері (қызметкерлері) арасында шекті, әдеттегіден тыс және күдікті операциялар туралы мәліметтерді анықтау және бөлімшелер (қызметкерлер) арасында бір-біріне беру жөніндегі міндеттерді бөлуді;

4) қор бөлімшелерінің шекті, әдеттегіден тыс және күдікті операцияларды анықтаған кезде өзара әрекет ету тетіктерін сипаттауды;

5) жауапты қызметкерінің клиент операциясының түрі туралы шешімді қабылдау тәртібін, негіздемесін және мерзімін;

6) бөлімшелердің (қызметкерлердің) клиент операциясын жүргізуден бас тарту жөніндегі (клиент, бенефициарлық меншік иесі Тізбеде тұруына байланысты бас тартуды қоспағанда), сондай-ақ клиентпен іскерлік қарым-қатынастарды тоқтату жөніндегі шешімді қабылдау бойынша өзара әрекет ету тәртібін;

7) Тізбедегі клиенттерді және бенефициарлық меншік иелерін анықтау бойынша, сондай-ақ осындай клиенттерге қызмет көрсету операциялар жүргізуден бас тарту не олармен іскерлік қарым-қатынастарды тоқтату бойынша өзара әрекет ету тәртібін;

8) әдеттегіден тыс операцияларды зерделеу нәтижелері жөніндегі мәліметтерді, сондай-ақ шекті және күдікті операциялар жөніндегі мәліметтерді (оның ішінде операция сомасы) тіркеу (оның ішінде тіркеу әдістері) және сақтау тәртібін;

9) қаржы мониторингі жөніндегі уәкілетті органға шекті және күдікті операциялар туралы хабарламаларды ұсыну тәртібін;

10) қордың уәкілетті органдарын және лауазымды тұлғаларын шекті және күдікті операциялар анықталғаны жөнінде хабарлау (қажеттілігіне қарай) тәртібін;

11) клиент әдеттегіден тыс және (немесе) күдікті операцияларды жүйелі және (немесе) елеулі көлемде жүзеге асырған жағдайда, клиент пен оның операцияларына қатысты қабылданатын шараларды қабылдау тәртібін және сипаттауды қамтиды, бірақ олармен шектелмейді.

34. Операцияны шекті ретінде түрінің заңдылығы бөлігінде күмән туындаған кезде, сондай-ақ әдеттегіден тыс немесе күдікті операцияны анықтаған кезде, көрсетілген операцияны анықтаған қор қызметкері осындай операция туралы хабарламаны жауапты қызметкерге (КЖ/ТҚҚ жөніндегі бөлімшеге) қордың ішкі құжаттарында белгіленген тәртіппен, нысанда және мерзімде жібереді.

Бір хабарламада бірнеше операция туралы ақпараттың болуына жол беріледі.

